



QOR.KZ

Үздік кітаптардың қысқа мазмұндамалар қоры

БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕРІ

1.Маңызды кезең

Балабақшада тәрбиелеу тым кеш

Мидың физиологиясына және балалар психологиясына қатысты зерттеулер баланың ойлау қабілетін дамытудың негізгі жолы оның үш жасқа дейінгі, яғни ми жасушаларының даму кезеңіндегі оның өз айналасын танудағы тәжірибесінде дейді.

Ешбір бала данышпан немесе керісінше ақымақ болып тумайды. Барлығы бала дамуының шешуші кезеңінде, яғни, бала туылғаннан үш жасқа толғанға дейінгі аралықта баланың миын дамыту және ынталандыруға байланысты. Ал балабақшаға барғаннан кейін тәрбиелеу тым кеш.

Баланы ерте жастан дамытудың негізгі мақсаты олардан данышпандар тәрбиелеп шығару емес

Ерте жастан дамытудың жалғыз мақсаты – ойы терең, дені сау, ақылды да мейірімді бала тәрбиелеп шығару.

Барлық адамдар дене кемістігін санамағанда шамамен бірдей болып туады. Ал балаларды ақылды немесе ақымақ, жасқаншақ немесе агрессияшылға бөлу олардың тәрбиесіне байланысты туатын мәселе. Кез келген балаға оған қажет нәрсені дер кезінде, өз уақытында берсе, ол ақылды әрі мінезі табанды болып өседі.

Меніңше, ерте жастан дамытудың негізгі мақсаты – бақытсыз балалардың пайда болуының алдын алу. Балаға жақсы әнді міндетті түрде атақты музыкант тәрбиелеп шығару үшін тыңдатпайды немесе оған скрипкада ойнауды да осы мақсатпен үйретпейді. Балаға шет тілді де кемеңгер лингвист жасап шығару үшін үйретпейді, тіпті «жақсы» балабақшаға немесе бастауыш мектепке дайындау үшін де емес. Мұндағы басты мақсат – баланың өмірі мен оның әлемінде неғұрлым көбірек қуаныш болу үшін оның шексіз мүмкіндіктерін дамыту.

Мидың құрылымы үш жас шамасында қалыптасады

Туылғаннан кейінгі алғашқы алты айда ми өзінің ересектер қолдана алатын мүмкіндігінің 50 пайызын пайдалана алатын деңгейге жетеді, ал үш жас

шамасында бұл көрсеткіш 80 пайызға жетеді. Бұл, әрине, баланың миы үш жастан кейін өз дамуын тоқтатады деген сөз емес. Мидың сырттан сигнал қабылдау, оның бейнесін жасау, оны есте сақтау сияқты негізгі фундаменталды қабілеті баланың болашақтағы интеллектуалды дамуының іргетасы болып табылады. Ал ойлау, қажеттіліктер, шығармашылық, сезім сияқты неғұрлым күрделі қабілеттер үш жастан кейін дамиды, бірақ бұл қабілеттер осы жасқа дейінгі қалыптасқан базаның негізінде дамиды.

Баланы өз еркіне қоям деп қателесіп қалмаңыз

Қазірдің өзінде көптеген психологтар, педагогтар мен ата-аналар кішкене балаларды саналы түрде оқытуды қате деп санайды. Олардың түсінігінше, артық ақпарат баланың жүйке жүйесіне кері әсерін тигізеді. Сондықтан баланы өзінің еркіне қойып, ол не жасағысы келсе де соған рұқсат беру әлдеқайда табиғи нәрсе дейді.

Дәл осы ата-аналар балалары балабақшаға немесе мектепке барған кезде өз принциптерінен бас тартып, кенеттен балаларын бір нәрсеге үйретуге тырысып, олармен қатал бола бастайды.

Бірақ бұл мәселені басқаша шешуге де болады. Бала өмірінің алғашқы жылдарында онымен уақытты жиірек өткізіп, балаға түрлі іс-әрекеттер мен ойындар (сабақтар) ұсынуға болады, ал ол өсіп, дами бастаған кезде баланың қалауы мен еркін, оның «менін» сыйлауды үйрену керек. Дәлірек айтқанда, ата-ананың балаға ықпалы балабақшаға дейін аяқталу керек. Ерте жаста бала тәрбиесіне араласпау, ал кейінірек оған қысым жасау немесе шектен тыс араласу баланың дарынын жойып, оның тарапынан қарсылық тудыруы мүмкін.

2. Кішкене бала не істей алады?

Бала үшін «көгершінді» есте сақтау «тоғызды» есте сақтаудан әлдеқайда жеңілірек.

Балада заттарды олардың бейнесі арқылы тану қабілеті жақсы дамыған. Мұның талдау немесе анализ жасау қабілетіне еш қатысы жоқ, бала анализ жасауды кейінірек үйренеді. Бұл гипотезаны растайтын керемет бір мысал – ол баланың өз анасының бейнесін тану қабілеті.

Эксперимент ретінде Исао Иши мырза біздің Ерте жастан дамыту ассоциациямызда қытай жазуынан сабақ берді. Үш жасар балалар «көгершін», «жираф» сияқты қиын қытай иероглифтерін «тоғыз» секілді абстрактілі сөздерге қарағанда жеңіл есте сақтап алып отырды.

Бес айлық баланың өзі Бахқа баға бере алады

Балалар қандай музыканы жақсы көреді деген зерттеу жүргізілді. Бұл зерттеу күтпеген нәтиже берді. Сәбилер үшін ең әсерлі музыка Бетховеннің 5-ші симфониясы болды. Ал соңғы орынға балалар әндері ие болды. Нәрестелер

біз, яғни, ересектер олардан алшақ ұстайтын классикалық музыканы ең қызықты әуен деп тапты. Сонда балалар күрделі симфонияны бағалай алатындай музыкалық талғамға туылғаннан бастап ие ме?

Алты айлық сәби тіпті жүзе де алады

Әлі жүре қоймаған нәресте жерде қалай еңбектейтіні сияқты суда да өзін дәл солай ұстауға тырысады. Баланың жүзе алатыны емес, оның жүзгені маңызды, өйткені ол бала. Жүзу – бұл баланың қабілеттерін дамытудың тек бір ғана әдісі: жүзу баланың ұйқысын жақсартады, тәбетін арттырады, кимыл, қозғалысын күшейтеді және бұлшықетін қатайтады.

Бала миының ақпаратты бойына сіңіріп алу қабілеті ересектерге карағанда әлдеқайда жоғары. Оны тек шамадан тыс қоздыруға болмайды: баланың миы сорғыш сияқты, ақпаратты тез сіңіреді, бірақ шамадан тыс толып кетсе, ми өшеді де, жаңа ақпаратты қабылдауды тоқтатады. Бізді балаға көп ақпарат бергеніміз емес, баланы толыққанды дамытуға қажетті ақпаратты аз беретініміз мазаландыру керек.

2 БӨЛІМ

ЕРТЕ ЖАСТАН АЛҒАН ТӘЖІРИБЕНІҢ ӘСЕРІ

Баланың тегінен (гены) гөрі оның өскен ортасы маңыздырақ

Тіпті егіздердің өзі түрлі жағдайда өсіп, оларды түрлі адамдар тәрбиелейтін болса, олардың мінезі де қабілеті де бір бірінен өзгеше болатынын зерттеулер көрсетті. Мәселе баланың әлеуетті қабілеттерін қандай білім мен қандай орта жақсырақ дамытатындығында.

Ғалым әкеден туған баланың өскенде ғалым болуы шарт емес

Егер баланың қабілетін қалыптастырудағы негізгі фактор оның шыққан тегі болса, балалар ұрпақтан ұрпаққа әкелерінің мамандығын мұра етіп алар еді. Бірақ өмір әлдеқайда қызығырақ, ғалымның баласы срипкашы, ал дәрігердің баласы жазушы болатын жағдайлар жиі кездеседі.

Балаға біз күтпеген заттар әсер етеді

XIX ғасырдың атақты математиктерінің бірі, Карл Фридрих Гаусс сегіз жасында арифметикалық қатардың сомасы туралы формуланы ойлап табады. Ал Гаусстың әкесі ғалымдығымен ерекшеленбейтін. Ол қарапайым кірпіш қалаушы болатын, қабырғалар мен дуалдарды, алауошақтарды (каминдерді) жөндейтін және баласын өзінің жұмыс орнына жиі әкелетін. Гаусс болса әкесіне кірпіштерді беріп, санап отыратын. Гаусстың математикалық қабілеті оның ерте жастағы осы әдетіне байланысты қалыптасқан болуы керек.

Ата-аналар үшін мәні мен маңызы жоқ нәрселерді бала аса сезімталдықпен, ерекше күшпен қабылдауы мүмкін. Ал бұл тәжірибе оның болашақ өмірінің

негізі, бастауы болуы ықтимал. Баланың ерте жаста алған әсері оның кейінгі ойы мен әрекетінің бейнесін анықтайды.

3 БӨЛІМ

БАЛАҒА НЕ ПАЙДАЛЫ?

Бала тәрбиесінің дайын рецептісі жоқ

Менің сіздерге берген кеңестерімді тек қосымша идеялар ретінде қабылдағандарыңыз дұрыс. Бұл кеңестерді кез келген ана өз баласының мінезіне немесе даму ерекшелігіне қарай отырып, қабылдай ма әлде қабылдамай ма – ол әркімнің өз еркі.

Баланы қолыңызға көбірек алыңыз

Бала мазасызданған кезде анасы оны қолына алса, ол бірден жылағанын қойып, күле бастайды. Мұндай жағдай кімге таныс емес, әрбір ата-ана мұндай жағдайды жүз рет басынан кешірген шығар.

Мұндай жағдайда ата-аналарды бала өз қалауына жылау арқылы қол жеткізуді әдетке айналдырып алады деп қорқытады. Шынымен де солай ма? Өз ойын басқаша жеткізе алмайтын нәресте үшін жылау өзіне көңіл аударудың жалғыз тәсілі. Егер бала жыласа, ол бір нәрсе сұрап тұр деген сөз, ал баланың өтінішін жауапсыз қалдыру – оны қарым-қатынастан, байланыстан айыру. Парасатты ойлау ананың баламен қарым-қатынас жасауының, әсіресе, дене арқылы, жанаса байланысуының баланың ақыл-ойының дамуы үшін маңызы зор екенін дәлелдейді.

Баланы жаныңызға алып жатудан қорықпаңыз

Егер баланың психикалық және ақыл-ой дамуы туралы ойланар болсақ, баланың қасына жату әдетінен жаңа мән табуға болады. Мысалы, күні бойы жұмыстың көптігінен баласымен араласуға уақыты болмайтын ана баласының жанында ол ұйықтағанша жата тұруына болады. Бұл уақытта сәби өзін өте тыныш, зерек ұстайды. Сондықтан, егер сіз тіпті баланың жанында жай ғана жатпай, оған ән айтып берсеңіз, бұл баланың дамуына үлкен әсерін тигізеді.

Тіпті күніне бір сағат баламен айналысу (балаға сабақ өткізу) керемет нәтижелер береді

Америкада басылып шығарылған «Сәбиді тәрбиелеудегі революция» кітабында кедей аудандардағы 15 айлық 30 сәбиді оқыту бойынша жүргізілген тәжірибе жайлы айтылады. Мұғалім балаға жексенбіні қоспағанда күн сайын бір сағаттан сабақ өткізіп, онымен ойнап, сөйлесіп отырады.

Тәжірибеге қатысқан балалардың жасы екі жас үш айға толған кезде жүргізілген тесттің нәтижесі бойынша, бұл балалардың «интеллектуалды

дамуының деңгейі», әсіресе, олардың сөйлеу дағдысының даму деңгейі өздері қатарлас, бірақ тәжірибеге қатыспаған балалармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары деңгейді көрсетті.

Сәбидің миында оның анасының барлық қарапайым сөздері мен іс-әрекеттері мөр сияқты басылып отыратындығынан біздің тіпті хабарымыз да жоқ. Сондықтан баламен жиі сөйлесетін аналар оның интеллектуалды дамуына үлкен әсер етеді.

Баламен бала болып сөйлеспеңіз

Барлық елде дерлік адамдар балаларымен «баланың тілінде» сөйлесетін шығар. Баламен толыққанды «ересектер» тілінде сөйлесіңіз, сонда сіз оның дамуына баға жетпес үлес қосасыз.

Жаңа туған нәресте ата-анасының ренжіскенін сезеді

Сәбидің жүзінен оның ата-анасының ұрысып, ренжісіп жүрген кезін жеңіл анықтауға болады: оның бет әлпеті жабырқаңқы және мазасыз болып келеді.

Балада пікірлесу, баға беру, қабылдай алу сияқты дағдыларды дамыту өте маңызды. Бұл үшін арнайы бағдарламалардың қажеті жоқ, ата-аналардың өзін өзі ұстауы, олардың жасаған әрекеттері, сезімі, баламен сөйлесуі баланың тұлғасын қалыптастыра алады.

Әке баласымен жиі араласуы керек

Өскеннен кейін балаларымыз негізінен әкесімен бірге өткізген уақытты мерекені тойлаған күндердей қуана еске алады, өйткені көп отбасында мұндай кезеңдер жиі бола бермейді.

Ер адамның отбасы тәрбиесіндегі рөлі әйеліне нағыз дос және көмекші бола алуда емес пе? Үйдегі үйлесімге тек ананың ғана еңбегімен, күшімен қол жеткізу мүмкін емес.

Бала тәрбиесі тек қана ананың мойнына жүктелген, ал әке болса кей кезде, онда да ананың сұрауы бойынша бала тәрбиесіне араласатын отбасында нағыз жақсы адамды тәрбиелеп шығу мүмкін емес. Ешқандай да уақыттың тапшылығы немесе жұмыстан кейінгі шаршаңқы күй әкелерге балаларымен жиі араласуға кедергі болмауы тиіс.

Балалардың бір бірімен араласуын ынталандыру керек

Сәби тек ата-анасымен, аға, әпкелерімен ғана емес, сондай-ақ басқа да балалармен физикалық қарым-қатынаста болса, оның дамуы арта түседі. Бұл баланың ақыл-ойын арттырып, бәсекеге қабілеттілігін дамытады, көпшілдікке, әрдайым бірінші болуға үйретеді.

Қазіргі кезде адамдар бір-бірімен сирек араласатын болды. Бұл балалардың интеллектісінің дамуына өз әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтан аналар ең болмағанда өз балаларының дамуы үшін отбасымен жиірек жиналып тұрғаны дұрыс болар еді.

Балалардың ұрысы олардың қарым-қатынас жасау дағдысын дамытады

Адам қоғамның өнімі және ол қоғамнан тыс өмір сүре алмайды деп жиі айтылады. Шамамен екіге толған балаға өзімен өзі ойнау қызықсыз бола бастайды, ол басқа балалармен ойнап, топта өзгелермен қалай байланыс жасау қажеттігімен алғаш рет таныса бастайды. Ол басқа балалармен бейбіт түрде ойнағанда да, олармен ұрысқан кезде де бала ұжымда өмір сүруді үйренеді. Ұрыстың да маңызы бар, өйткені бұл баланың жеке инициативасын дамытады.

Балалардың өз логикасы бар және олар бір бірімен өздерінше қарым-қатынас жасайды. Бұл жерде ересектің логикасына орын жоқ. Егер сіз балалардың ұрысын ересектер тұрғысынан қарап, оларды «төбелесуге болмайды, басқалармен ұрысатын бала – жаман бала» дегенге көндіруге тырыссаңыз, сіздің балаңыз өзімен-өзі томаға тұйық болып, ызаланғыш болады. Ұрыс – бұл ұжымдағы алғашқы өмірлік сабақ.

Баланы ұрыспай, керісінше, мақтау керек

Мақтау мен жазалау әдістерін алатын болсақ, соңғысы анағұрлым ықпалдырақ болып көрінеді, бірақ бұл мүлде олай емес. Жазалау балада қарсы реакция тудыруы мүмкін – ашық түрдегі бағынбаушылық. Негізінен мақтауды да, жазалауды да абайлап қолдану керек.

Көз алдыңызға шырын құйылған стақанды дастарқанға әкеле жатқан ананы елестетіңізші. Анасына барлық жағынан ұқсағысы келетін сәби де дәл осыны қайталауға тырысады. Ал анасы: «Болмайды!» дейді де, баласы шырынды төгіп қояды деген ойдан қорқып, балаға жетіп барады. Бұл дұрыс емес. Дәл осы ана баласы өскеннен кейін оны «балам маған көмектеспейді» деп кінәлайды. Егер бала өзінің шамасы келмейтін нәрсені істегісі келсе, оны «Сен үлкен жігіт болыпсың ғой!» деп мақтап қойып, қолындағы шырынның біршамасын төгіп, стақанды үстелге апаруға рұқсат беру керек. Мұндай тәсіл өте маңызды.

4 БӨЛІМ

ТӘРБИЕ ҚАҒИДАЛАРЫ (ПРИНЦИПТЕРІ)

Тәртіпке ынталандыру және ұмтылу

Қызығушылық үлкен түрткі бола алады

Баланың ол оқитын немесе үйренетін нәрсеге қызығушылығын тудыру –

ең тиімді педагогикалық әдіс. Бұл қызығушылықты тудыру үшін оған қажетті жағдайды да жасау қажет. Мысалы, балада сурет салуға деген ынтасы пайда болу үшін оның айналасында қағаз бен қарындаштар жеткілікті деңгейде болу керек. Егер сіз қажетті жағдай туғызбайтын болсаңыз, балада бір нәрсеге деген ынта, құштарлық өзінен өзі пайда болады деп күтуіңіз бекер.

Қызық нәрсені балалар дұрыс деп санайды, қызық емес нәрсені дұрыс емес деп қабылдайды

Сіз баланы жыртылған тұсқағаздар үшін ұрысасыз ба? Сіз оған мұның дұрыс еместігін қалай түсіндіресіз? Сіз «жақсы» мен «жаманды» өзіңіздің жеке өмір тәжірибеніңден, жалпыға ортақ моральдық нормалармен байланыстыра отырып түсінесіз. Ал кішкентай нәрестеде мұндай тәжірибе жоқ, ол тұсқағазды жыртудың жақсы немесе жаман екендігін түсіну үшін ештеңеге сүйене алмайды.

Егер оны жақсылап ұрысып тастаса, ол жағымсыз оқиға қайталанбас үшін бұл тұсқағазды ендігәрі жыртылуы мүмкін. Алайда бұл эпизод баланың шығармашылыққа ұмтылысын жойып жіберуі мүмкін.

Қайталау – баланың қызығушылығын арттырудың ең жақсы тәсілі

Баланың миында қалыптасатын байланыстар үшін қайталаудың маңызы зор. Қайталаудың пайдасы тек баланың одан жалықпайтындығында ғана емес. Сәби негізінен жалығу дегеннің не екендігін білмейтіндіктен, нәрестелік кезең – бұл баланың миында болашақта оның интеллектуалды өмірінің негізі болатын дұрыс схемаларды қалыптастыратын ең оңтайлы кезең.

Әуесқойлық қызығушылықты тудырады. Ал бұл өз кезегінде есею үшін өте қажет ерік-жігерді тәрбиелейді. Әрекетке деген ерік-жігер өзінен өзі пайда болмайды.

Баланың қиялы мен фантазиясы оның шығармашылық қабілетін дамытады

Көптеген ата-аналар балаларын шығармашыл тұлға қылып тәрбиелеп шығарғысы келеді. Шығармашылықтың жетістіктерінің түп тамыры ерте балалық шақтың тәжірибесі мен субъективті эмоциялық қабылдауда. Басқаша айтқанда, ересектерге өмірдің шындығынан алыс болып көрінетін бала қиялы шындығына келгенде шығармашылықтың бастауы болып табылады.

Баланың интуициясын (алтыншы сезім) дамытыңыз

Шындығында, интуиция кез келген елеулі жетістіктің маңызды шарты. Барлық ұлы өнертапқыштар (ойлап шығарушылар) өздерінің терең білімі мен тәжірибесіне қарамастан, негізінен интуициясына сенген. Интуиция қалған бес сезімді басып озады, ол сезімдердің ең көнесі және іргетасы болып

табылады. Интуицияны сондай-ақ, логика мен парасаттылықтың шегінен шығатын «жануарлық түйсік» деп те атайды.

Баланың үш жасқа дейін өз логикасымен ойлауы өте сирек кездесетін жағдай, ол негізінен өзінің сезгіштігіне (инстинкт) сүйенеді. Мұны есте сақтауыңыз өте маңызды және баланың сезгіштігін дамыту, ең болмаса, балаға логика мен сананың дәлелдері арқылы әрекет етем деп оның сезгіштігін жоймау, тұншықтырмаудың да мәні зор.

Балаға жыныстық тақырыптарға қатысты шындықты айтыңыз

Жыныстық өмір – бұл сезгіштік (инстинкт) саласы, біз неге баладан ол белгілі бір жасқа толғанша шындықты жасырып, кейінірек кенеттен осы тақырыпта сөйлесуіміз қажет? Балаға бұл тақырыпта қалжыңдап немесе өтірік айтуға болмайды. Ата-аналардың ұялуы немесе бір нәрсені жасырып қалуы бұл тақырыпты бала үшін «қол жетпес жеміс» жасап, оның әуестігін жандандырып, қажетсіз фантазияларды тудыруы мүмкін. Бала бұл мәселені әу бастан табиғи нәрсе ретінде қабылдау үшін баламен жыныстық тақырыптарға байсалдылықпен, байыппен сөйлесу керек.

2. Бала кездегі мінез тәрбиесі

Балаға скрипкада ойнауды үйрету оның зейін қою қабілетін дамытады

Бала әрине бала болып, яғни, шапшаң, ширақ, әуесқой болып қалу керек. Бірақ шапшаңдық пен ұшқалақтық (шыдамсыздық) бірдей нәрсе емес. Бір нәрсеге ұзақ уақыт зейін қоя алмайтын адам әрбір тапсырмаға өзінің уақыты мен күш-қуатын босқа кетіреді. Ал керісінше, зейін қою дағдысы қалыптасқан адам үлкен артықшылықтарға ие.

Баланы ерте жастан дамыту көшбасшылық қасиеттерді дамытады

Көшбасшылық қасиет көпшіліктің ойлағанынан әлдеқайда ертерек дами бастайды. Бұл қасиеттер балалармен түрлі сабақтарды өткізу кезінде қалыптасады. Сондықтан ата-аналары ерте жастан интеллектуалды дамуына көңіл аударған балалардың бозарған данышпан емес, көңілді, жігерлі, көшбасшылыққа бейімді болып өсуі ешкімді таң қалдырмауы тиіс.

Тақпақ жаттау есте сақтау қабілетін жаттықтырады

Біздің дарынды балаларды тәрбиелеу тәжірибелік мектебінде есте сақтауды жаттықтыру үшін хайкуларды жаттатады. Хайкуды бұл мақсатта пайдалану өте қолайлы, өйткені олар қысқа, ырғақты және тез жатталады. Сонымен қатар, олар бала поэзиясына қажетті талаптарға жауап береді: «Есте сақтауға арналған тақпақтар балада игі сезімдер тәрбиелеу қажет, олар әдемі, таңдаулы және өмір бойы есте қалатындай болу керек. Оған қоса, олар балаға ұнау керек.»

Балаңызға өзіңдегі бар жақсыны беріңіз

Егер сәбидің әлі де таза ақ қағаз сияқты миына нағыз өнер барып басылса, бұл өнер ол жерде мәңгі қалады. Мұндай ми есейген кезде жасанды өнерді қабылдаудан бас тартады және ата-аналар оның талғамына әсер ете алмайды. Балаға ол көркем суреттің қиын тілін түсінбейді екен деп қарапайым суреттері бар кітапты ұсынудың қажеті жоқ. Егер ата-анасы Бетховен мен Моцарттың музыкасынан керемет әсер алатын болса, бала да сол музыканы жиірек тыңдасын.

Мида нағыз өнердің стереотипі қалыптасатын болса, бұл келешекте өнер туындыларын бағалай алуға негіз болады.

Бір істе жетістікке жету басқа істерде сенім береді

Біз баланы скрипкада ойнауға үйрету немесе оған шет тілдерін үйрету баладан данышпан жасап шығару үшін емес, оның жалпы интеллектісін дамыту үшін қажет екенін бірнеше рет қайталап айттық. Бала үшін өз күшін бір ғана нәрседе емес, бірнеше нәрседе байқап көру пайдалы.

3. Шығармашылық және дағдылар

Балаңызға қарындашты ертерек ұстатыңыз

Көптеген ата-аналар баласының өз ойын білдіруін еріксіз басып тастайды. Олар балаға өз ойын таңып қояды: «Қарындашты былай ұста!», «Алма қызыл болу керек», «Шеңберді былай сал», «Кітапты жартпа», «Еденге қағазды тастама», «Үстелге жазба». Кішкентай ғана бала үшін осы тиымдар тым көп емес пе?

Баланың өз қолынан жасаған барлық заттары – оның салған суреті, ойыншықты шашқаны, қағазды жыртуы баланың интеллектісі мен шығармашылық қабілетін дамытады. Сіз балаға қарындашты неғұрлым ертерек берсеңіз, мұның нәтижесі соғұрлым жақсы болады. Қарындашты бере отырып, сіз балаға минут сайын шектеу қойып отырсаңыз, оның шығармашылық қабілетінің дамуына кедергі келтіресіз.

Стандартты сурет салуға арналған қағаз – стандартты адам

Сурет салмас бұрын суретші оның форматы қандай болу керектігін шешіп алады. Ал балаға үйреншікті бір парақ қағазды беріп, осылайша оны тандап алу мүмкіншілігінен айырамыз.

Басқа мәселелерде де осындай қарым-қатынасты байқауға болады. Мысалы, балаларға тек балаларға арналған арнайы әндер мен ертегілерді айтуға болады деген түсінік бар. Мұндай ересектер тарапынан қиялдың жоқтығы баланың да қиялын шектейді.

Мен балаға ол сурет сала жүріп үстінде еңбектей алатын үлкен қағаз берер едім. Қарапайым стандартты қағаз шығармашылық пен өмірге төзімділіктен жүрдай стандартты адамның тәрбиеленуіне ықпал етеді.

Ойыншықтың көптігі баланың зейінін жоғалтады

Көптеген психологтардың ойынша, баланың айналасында ойыншық өте көп болса, бұл оның бір нәрсеге зейін қоюына кедергі келтіреді. Бала бір ойыншықпен түрлі ойындарды елестете отырып жақсы ойнайды. Оның қиялында ағаштың кесіндісі немесе шәйнектің сынық қақпағы ертегідегі үй немесе керемет көлге айналып, дүкеннен сатып алған қымбат ойыншыққа карағанда әлдеқайда қызығырақ болуы мүмкін.

Сондықтан, егер балаңызда ерекше ойлау қабілеті мен жасампаздық қасиетін дамытқыңыз келсе, оның сұраған нәрсесінің бәрін сатып алып бере бермеңіз. Бұдан сіз кері нәтиже аласыз.

Балаға қауіпті болуы мүмкін заттардың бәрін одан алыстатудың қажеті жоқ

Мен баланың дамуы үшін жанасуды сезінудің пайдасы туралы айтқан болатынмын. Монтессори ханым балаға қатты және жұмсақ, дөрекі және нәзік, өтпейтін және өткір, ауыр және жеңіл заттарды ұстап көруге саналы түрде ұсынуға кеңес береді. Балаға оны қоршаған нәрсенің бәрі қызық. Ол заттарды ұстап көріп, сипалайды, кейде оны аударып, жыртады, бұл баланың өсіп келе жатқан әуесқойлығы мен шығармашылық әлеуетінің дәлелі.

Ойыншықтар құнды болуы керек

Балалар өздері ойыншық құрастыра алатын тетіктердің жинағы – керемет тәрбиелеуші тәсіл. Бұл тек дайын ойыншықтармен ғана ойнайтын балаларда болмайтын «жетістікке деген қуаныш сезіміне» бөлейді.

Қағаздан түрлі өрнектер мен фигуралар жасау, жабыстыру баланың шығармашылық қабілетін дамытады

Айналаңызға қараңызшы – сіз ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан қарапайым ғана ойыншықтардың әлі де барлығына таң қаласыз. Бұл саз балшық, қиюға арналған қағаз, фигуралар жасауға арналған түрлі түсті қағаз. Бұл материалдардың ортақ сипаттамасы бар – олар белгілі бір форма немесе белгілі бір зат жасауға арналмаған. Басқаша айтқанда, оларға кез келген форманы беруге болады. Сондықтан бұлар кішкене бүлдіршіндер үшін олардың интеллектісі ең жылдам дамитын ерте жасында тамаша ойыншық болар еді.

Рөлдік ойындар баланың шығармашылық қабілетін дамытады

Бұл сабақтардың басты мақсаты біз бірнеше рет айтып өткендей музыка немесе шет тілін үйрету сабақтары сияқты баланы белгілі бір нәрсеге үйретуден гөрі оның шексіз мүмкіндіктері мен жасырын қабілеттерін дамыту. Рөлдік ойындар да осындай мақсатта пайдаланылады. Бұл ойындардың баланың топтың басқа мүшелеріне қатысты тікелей және еркін түрде өз ойын білдіруінде маңызы өте зор.

Балалар үшін жүру өте пайдалы

Сіз балаңыздың жылдамдығымен жүруге уақытыңыздың аздығын айтып шағымданбастан бұрын бала үшін жүрудің пайдасы өте зор екендігін еске түсіріңіз.

Жүрген кезде бүкіл дене қимылдайды. Денеміздің 639 бұлшықетінің 400-і жүру кезінде қозғалысқа түседі. Басқа физикалық жаттығуларға қарағанда жүру кезінде дененің тырысуы мен босаңсуы кезектесіп отырады.

Көптеген жазушылар жұмыстары жүрмей, тоқтап қалған кезде серуендеу көмектеседі, серуендеу процесінен кейін жаңа идеялар пайда болады деп бекер айтпайды. Осыған қарағанда, жүру ойлау процесін ынталандыратын сияқты.

Қимыл, қозғалыс қабілеті де жаттықтыруды қажет етеді

Біздің дене құрылысымыз және қозғалыс үйлесімділігі табиғи түрде беріледі. Ал сіздің табиғаттан алған қабілетіңізді әрі қарай дамыту оны жаттықтыруға байланысты. Туғаннан гимнастикамен немесе жүзумен айналысуға қажетті керемет қабілет пен қажетті шарттар болғанымен, бұл қабілетті дұрыс жаттықтырмаса олар жүзеге аспайды.

Бала үшін жұмыс пен ойынның айырмашылығы жоқ

Мен сіздерге мынадай кеңес бергім келеді: балаңыз қаншалықты еңбектене алса, соншалықты еңбектенсін, бірақ оның жұмысының нәтижесі сіз үшін маңызды болмауы тиіс.

Бала үшін оның іс-әрекетінің нәтижесі емес, процестің өзі маңызды. Біз, ересектер, кез келген жұмыстың соңына дейін жеткізілгендігін қалаймыз. Және жұмыс істеу мен сауық құрудың айырмашылығы осында деп түсінеміз. Жұмыс қаншалықты қарапайым болып көрінсе де, балаға оны қалай орындаудың жолын көрсету керек. Жұмыс істеу негізінен сақтық пен зейін қояды талап етеді.

5 БӨЛІМ

НЕДЕН ҚАШУҒА БОЛМАЙДЫ? БОЛАШАҚҚА ДЕГЕН КӨЗҚАРАС

Ерте жастан дамыту – бұл балабақшаға дайындық емес

Өкінішке қарай, көптеген адамдар ерте жастан тәрбиелеуді балабақшаға немесе дарындылыққа тәрбиелеу деп түсінеді.

Білім жүйесінің жетілмегендігі себебінен мен баланы ерте жастан дамытуға осындай көңіл бөлем. Ерте жаста интеллектісін дұрыс дамытқан бала мектепте де жақсы оқиды. Ол мектептегі «баға өндіру» жүйесін де жеңілірек

қабылдайды. Баланың ерте жасындағы критикалық кезеңінде кірпіш дұрыс қаланса, бала кез келген қиындыққа төтеп бере алатындай берік болып өседі.

Бала тәрбиелеуден маңызды еш нәрсе жоқ

«Мен баламен қолым босамайтыны соншалықты оны оқытуға да уақытым жоқ. Теория теориямен, ал ол теорияны жүзеге асыратын уақытты қайдан табам?». Аналар менің кеңестеріме көбіне осылай жауап береді. Бұл екеуі бір нәрсе емес пе? Сіздің балаға деген қарым-қатынасыңыздың өзі оған әсерін тигізеді.

Кейбір аналар балалары үшін жұмыс істеу қажет деп ойлайды, басқалары ең бастысы баланы тамақтандырсам болды деп санайды. Ал бала үшін ең керемет тәрбие – ол ана махаббаты. Ата-аналар үшін ең маңызды кәсіп – бала тәрбиесі. Егер аналар мұнымен келіспесе, баланы не үшін дүниеге әкелді?

Баланың еркін күштемеңіз

Тәрбиелеу көбіне баланы күштеумен, оның тілегін елемеумен байланыстырылады. Әрине, бала өз қалауын түсіндіріп айта алмайды, бірақ анасы оны сезініп, түсіне алу керек. Ананың негізгі міндеттерінің бірі осында.

Баланың еркінен тыс нәрсені оған жасатам деп сіз оның өзіңізге деген сенімін жоғалтасыз. Менің ойымша, бұл мәселедегі ең жақсы тәрбие біздің білім деп атап жүргенімізден әлдеқайда алшақ.

Бала ата-анасының меншігі емес

Көптеген ата-аналар балалары өз қамқорлығында болған кезеңде олармен не қаласа соны істеуге болады деген иллюзиядан арыла алмайтыны таң қалдырады. Осындай өз баласына деген меншікті сезіну өте кең тараған. Мұның себебі баланың өз еркінің еленбеуінде. Егер балаға әрдайым осындай қатынас жасаса, ол өз күшіне құманданғыш болып өседі.

XXI ғасырды өзгелерге сене алатын адамдар тұрғызады

Қазіргі кезде бірден көзге түсетін мәселе адамдар арасындағы сенімнің жоқтығы, бұл қоғамда бейбереттік, зорлық-зомбылық, экологиялық проблемалар тудырады. Адамдар арасында сенім болмаса, өмірдің ешбір байлығы мен жайлылығы бізге бейбіт өмір мен бақыт әкеле алмайды.

Қазіргі білім жүйесі емтихандар мен бағаларға тым үлкен көңіл бөледі, ал адамдарға деген сенімді елемейді де, оған ынталандырмайды да. Сондықтан бұл қасиет бала тәрбиесінің бас кезінде, ерте жасында берілуі тиіс. Бұл мектепке дейінгі тәрбиенің негізгі мақсаты.



QOR.KZ

Үздік кітаптардың қысқа мазмұндамалар қоры